

**Ахмедова Гульмира Байгенжевнаның
8D08171-«Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Жарма өнеркәсібіне арналған өнімділігі және сапасы жоғары арпаның
бастапқы материалын жасау» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Жер шарында климаттың жахандық өзгеруі жағдайында табиғатта түрлі құбылыстар орын алуда. Соңғы жылдары Арал теңізінің суының тартылуы әлемді таң қалдырып, оның зардабын Азия ғана емес, басқа материктер де тартып отыр. Әсіресе, бұл мәселе халық саны үдемелі өсіп келе жатқан Орталық Азия аумағында ушығып тұр. Су тапшылығына байланысты экологиялық ахуал күрделеніп, халықтың негізгі кәсібі- егіншілік пен өсімдік шаруашылығында өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі азайып, өнімділік қарқыны айтарлықтай төмендеді.

Орталық Азиядағы басты өзеннің бірі Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан Сыр өңірінің климаты мен ауылшаруашылығы өндірісіне су тапшылығы ерекше әсер етіп отыр. Мұздықтар көлемінің азаюына байланысты жылдан-жылға үдеп келе жатқан су ресурстарының тапшылығы, сонымен қатар егістік топырақтарының тұздануы, оның құнарлылығының төмендеуі аймақтағы негізгі дақыл – күріштің өнімділігін төмендетуде. Күріштің еліміз үшін экономикалық, экологиялық, әлеуметтік дақыл ретіндегі маңызы орасан зор, сондай-ақ ол топырақ тұздылығын төмендететін мелиоративтік дақыл.

Келешекте су тапшылығына байланысты күріш егісі көлемін қысқартып, оның орнына суды аз тұтынатын бағалы ауылшаруашылық дақылдарын еңгізу көзделуде. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген ғылыми зерттеулер, бұл ауыл шаруашылық аймақтағы дәстүрлі дақыл – күрішпен қатар дәнді мал азықтық дақылдардың маңызы зор екенін, оларды өсіру өңірдің биоклиматтық әлеуетін ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретінін көрсетті. Сондай болашағы зор дақылдардың бірі – арпа.

Арпа дақылын күріштен кейінгі топырақтың табиғи ылғалдылығын пайдалана отырып, суармалы су тапшылығы жағдайында, ылғалды сақтау қабілетіне қарай, оны суармай-ақ жоғары өнім алуға болады, оның вегетациялық кезеңі қысқа болғандықтан, өсімдік құрғақшылық кезеңінің басталуына дейін пісіп үлгереді, сондай-ақ ауылшаруашылық техникаларын ұтымды пайдалануға жағдай туындайды, дала жұмыстарының қарқындылығын бәсеңдетеді және осы танаптарды басқа дақылдар үшін қайта егіске пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан күріштің орнын алмастыра алатын, құрғақшылыққа, тұзданған аймақтарға және әртүрлі абиотикалық факторларға төзімді, жарма бағытында қолдануға болатын, мол өнім беретін қабықшасыз арпаның жаңа сорттарын шығару өзекті мәселе болып табылады.

Ізденуші Г.Б. Ахмедова өзінің ғылыми зерттеу жұмысы барысында Арал өңірінің тұзданған топырақ жағдайында жаздық қабықшасыз арпаның әлемдік коллекциясының бейімділігі және олардың шаруашылықтағы өнімділігін зерттеді. Ол будандастыру арқылы сұрыптап алынған арпаның бастапқы үлгілерінің жалпы қилыстыру қабілеттілігін, өнімділік көрсеткіштерінің сандық белгілерін және сапасы бойынша корреляциялық байланыстылығын анықтады. Сонымен қатар, жаздық қабықшасыз арпаның әлемдік гендік қоры кешенді белгілері бойынша талданылып практикалық селекция үшін тиімді көздері анықталды. Стресске төзімді селекциялық линияларды іріктеудің негізгі критерийлері анықталып, практикалық селекция үшін шаруашылық-бағалы донорлар ұсынылды.

Г.Б.Ахмедованың зерттеулерінің ғылыми жаңалығы қабықшасыз арпаның селекциясы үшін бағалы бастапқы үлгілердің құнды белгілері мен қасиеттерін тек жеке белгілер ғана емес, сонымен қатар, кешенді түрде бөліп алу арқылы селекцияға нақтылы ұсыныстар енгізуі болып табылады. Ол алғаш рет қабықшасыз арпаның әлемдік коллекциясын будандастыру мен жерсіндіру барысында құрғақшылыққа, тұзданған топыраққа, әртүрлі абиотикалық факторларға төзімді жарма бағытына арналған өнімділігі жоғары бастапқы материал алуды жүзеге асырды. Осыған байланысты потенциалды тұқым өнімділігі және оны жүзеге асыру деңгейі теориялық тұрғыдан анықталатын болады.

Диссертант Г.Б.Ахмедова Қазақстандық Арал өңірінің топырақ-климаттық және агроэкологиялық жағдайларды ескере отырып, осы аймаққа бейімделген, жоғары өнімді әрі сапалы өнім беретін жаздық жалаң дәнді арпа сортын моделдеу бағытында ғылыми негізделген жұмыс жүргізді. Модельдеу барысында аймақтың су ресурстарының тапшылығы, топырақтың тұздану деңгейі, температуралық ауытқулар мен қысқа вегетациялық кезең сияқты шектеуші факторлары ескерілді. Ұсынылған модель жарма өндіруге бейім, тұзға және құрғақшылыққа төзімді, тұрақты ақуыз құрамымен ерекшеленетін арпа сорттарын селекциялау үшін негіз бола алады. Бұл зерттеу нәтижелері аймақтағы ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Алынған мәліметтер негізінде құнды белгілердің көзі ретінде қабықшасыз арпаның озық үлгілері селекциялық жұмыста қолдануға ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде бөлініп алынған құнды бастапқы материалдар Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-ның жарма дақылдары зертханасына селекция технологиясын толықтыру үшін тапсырылды және келешекте арпаның жаңа сорттарын шығаруда пайдаланылады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда 13 мақала түрінде жарияланған.

Ізденуші Г.Б.Ахмедова зерттеу бағдарламасын жасауда, танаптық тәжірибелер жүргізуде, жылдық есептер мен мақалалар дайындауда өзінің білімділігі мен біліктілігін, еңбекқорлығы мен табандылығын, ыждахаттылығын, сабырлығын көрсетті.

Г.Б.Ахмедова зерттеу жұмысының міндеттерін орындау, танаптық тәжірибелер жүргізу, алғашқы мәліметтерді жинастыру және қорыту, ғылыми форумдарда жұмыс нәтижесін баяндау, диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу жұмыстарын өзі тыңғылықты атқарды.

Докторант Ахмедова Гульмира Байгенжевнаның «Жарма өнеркәсібіне арналған өнімділігі және сапасы жоғары арпаның бастапқы материалын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келіп, Г.Б.Ахмедованың диссертациялық жұмысын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Диссертациялық Кеңесінде қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші

Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда университетінің

қауымдастырылған профессоры, а-ш.ғ.д.

Жарты

И.А.Таутенов

қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись

